



Тоқсанбаева Нүргүл Қорғаджанқызы,
Наубаева Хапиза Тәңірбергенқызы

ЭКСПЕРИМЕНТТІК



ПСИХОЛОГИЯ

Алматы
2014

ӘОК159.9 (075-8)
ББК 88.4 Я 73
Т 53

Пікір жазғандар:

Перленбетов М.Ә. – психология ғылымдарының докторы, профессор.
Ахтаева Н.С. – психология ғылымдарының докторы, профессор.

Тоқсанбаева Н.Қ.

Т 53 Эксперименттік психология (оқулық) – Алматы, 2014.
- 288 б.

ISBN 978-601-04-0414-4

«Эксперименттік психология» оқулығы университеттегі психология бөлімі үшін стандарттық материалдардан құрылған. Мұнда психологиялық зерттеудің әдіснамалық негізі мен эмпирикалық әдістердің сипаттамасы және оның классификациясын ұсынады.

Оқулықта сіздердің назарларыңызға психологиялық эксперименттің өткізілу барысы, ұйымдастырылуы мен айнымалылардың бақылану тәсілі ұсынылып отыр.

Осы оқулық оқырмандардың кең шеңберіне бағытталғандықтан жоғары оқу орнының оқытушылары мен докторанттарға, магистрлерге, студенттерге т.с.с. психологтардың кәсіби іс-әрекетінде қолдануына болады.

ӘОК159.9 (075-8)
ББК 88.4 Я 73

Т 0303000000
00(05)-09

ISBN 978-601-04-0414-4

©Тоқсанбаева Н.Қ., 2014;
©Наубаева Х.Т., 2014

АЛҒЫ СӨЗ

Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін ақпараттандыру Мемлекеттік бағдарламасы қазіргі ақпараттық-коммуникациялық технологияларға бағдарланған болашақ мамандардың мәдениеті мен педагогикалық-психологиялық ерекшеліктерінің қалыптасуына объективті жағдай туғызуда. Бүгінгі білім саласында республикалық білім кеңістігін әлемдік деңгейге жеткізуге ұмтылыс байқалады және студенттерге тәрбие мен білім беру іс-әрекетін жаңаша тұрғыда ұйымдастыруды талап етеді.

Елімізде болып жатқан әр түрлі бағыттағы өзгерістер егеменді еліміз жаңа ХХІ-ғасырдың табалдырығын аттап, білім беру жүйесін дамытуда біршама табыстарға қол жеткізуде. Жаңа ғасыр бәсеке ғасыры болғандықтан, әсіресе студенттің педагогикалық - психологиялық даму ерекшеліктерін қалыптастыру қоғамның өзекті мәселелерінің бірі.

ХХ ғасырдың 80-жылдарына дейін еліміздегі психология ғылымының дамуы жеткілікті деңгейде болған жоқ. Қазақстандық психологтардың көпшілігі оқыту жұмыстарын зерттеумен ғана айналысты. Кейбір бөлігі – қолданбалы зерттемемен, ал санаулы ғана психологтар психо-терапиялық және психо-диагностикалық көмек көрсететін кеңес берумен шұғылданды.

Қазақстанда қалыптасқан әлеуметтік жағдайларға байланысты психологтарға оқыту, танымал кітаптар басу және тәжірибемен шұғылдануға тура келді. Оның үстіне елімізде психологиялық тәжірибе мәдениеті ешқашан жоғары болған жоқ.

Психологиялық тәжірибе техникасын меңгеретін психо-лог-тәлімгерлер үшін басты оқулық ММУ профессорлары Ч.А.Измайлов пен В.В.Петухов аударған Р.Готтсданкердің «Психологиялық эксперименттің негіздері» (1982) оқу құралы болды. Бірақ мазмұны мен танымалдығына қарамастан